

Қос функциялы қосымшалар

Қосымшалардың қызметі яки функциясы олардың сөз немесе сөздің түрін жасаумен байланысты анықталады. Қосымшалардың екі түрлі қызмет атқаруын анықтайтын терминдер *қос функциялы қосымшалар, екі қызмет атқаратын қосымшалар, қос қызметті қосымшалар, бифункциялы/қосқызметті/қосымшалар, функциялы қосымшалар* деп әртүрлі терминмен аталып жүр.

- *Бифункциялы немесе қосфункциялы қосымшалар ұғымы қосымшалардың сөзжасамдық және сөзтүрленімдік қызметтеріне қарай айтылады және осы екі қызметке де олардың икемді болтынын аңғартады. “Сөзжасамдық орындайтын аффикстердің сөзтүрленімдік функцияға да икемделіп, қосалқы екінші қызмет атқаруы немесе бұған керісінше, негізінен сөзтүрленімдік функция орындайтын аффикстердің сөзжасамдық функцияға да қабілеттеніп, екінші қосалқы қызметке енуі бифункциялылық болады”, - деп көрсетеді Қ.Шаяхметұлы*


Қазақ тілі аглютинативті тілдер тобына жатады. Сонымен байланысты сөзжасам және сөзтүрленім қызметін көбінесе қосымшалар атқарады. “Қосымша” термині алғашқы грамматикаларда “приставка”, “послелог”, “частица” делініп түрліше айтылады. “Қосымша” терминін алғаш болып қазақ тіліне енгізген А.Байтұрсынұлы деп айта аламыз.

А.Байтұрсынұлы жалғанған сөзінің тұлғасын ғана өзгертіп, мағынасын өзгертпейтіндерді - “жұрнақ” деп атаған. Қ. Жұбанов болса, “жұрнақ” терминінің орнына “үстеу” терминін ұсынған.

- **Ы.Е.Маманов қосымшаларды, ең алдымен, не сөз жасайтын қосымшалар, не форма жасайтын қосымшалар деп жіктеу қажет деген концептуалды пікір ұсынады. Кейін Ы. Мамановтың осы концепциясын дамытқан ғалым С.Исаев қосымшаларды осы негізді бөліп көрсеткен. Сөзжасам қосымшаларының бір тармағы етіп – фуекциялық қосымшалар деген бөлікті көрсетеді.**

Қосымшалар -дей, -дай, -сыз, -сіз, ша, -ше, -ғы, -гі сынды жұрнақтар “функциялық қосымшалар” деген атқа ие болды. Ғалым бұл қосымшаларды жаңа сөз тудырмайтын, форма да тудырмайтын, контексте гана өмір сүретін қосымшалар ретінде белгілі.

- Қосымшалары қазақ тілінде сөз тудырушы өнімді қосымшалар ретінде басымырақ танылған. Бірақ олардың басқа қосымша қызметтерді атқаратыны М.А.Мелиоранский, А.Н. Кононов, А.М.Щербак, Э.Р.Тенишев, М.А.Хабичев, Ф. Орузбаев, т.б. Ғалымдар өз еңбектерінде қарастырды.



- - сыз, - сіз қосымшасы – екі функцияны атқаратын қосымшалардың бірі. Бұл қосымшаның сөз тудыру қыры сын тудырумен байланысты. Мысалы, мұңсыз, күлкісіз т.б.
- -дай, -дей қосымшасы форма тудырушы қосымша қызметтерін атқарғанда:
 - *Септеулік шылаулар тудырады;*
 - *Септік жалғауы болып түрленеді*
- Куман тілінің зерттеушісі М.А.Хабичев – лы, -лі,-сыз, -сіз қосымшаларын синкретикалық аффикстер деп көрсетеді және олардың сөз де, форма да тудыратынын айтады. С.Исаев тілдегі қосымшаларды қызметіне қарай жіктей келе, қос функция атқаратын қосымшаларды “қос функциялы қосымшалар” деп те атайды

- *Мысалы, -дай, -дей, -та, -тей (сын е. Тудырушы жұрнақ):*
 - *Ботадай, тастай, күндей, даладай*
 - *дай, -дей, -та, -тей (үстеу Тудырушы жұрнақ):*
 - *Жаздай, қыстай*
- *сыз, -сіз қосымшасы қос функциялы бола отырып сын есім тудыратын қосымшаға жатады:*
 - *Жұмыссыз, күнсіз т.б*
- *-ша, -ше қос функциялы қосымшасы:*
 - *Адамша т.б.*

- *Қазақ тіл білімінде жоғарыда сөз болған қосымшалардың тілдік табиғаты туралы ең алғаш тың пікір айтқан ғалым Б.Е. Маманов болды. Ғалымның «Лекциялар курсы» қазақ тілі морфологиясының өзекті мәселелеріне, оның ішінде сөзжасам мен формажасамның аражігі мен есім сөз таптарының құрамында қаралып жүрген қосымшалардың сөзжасамдық, формажасамдық қызметтерін анықтауға арналған. Б.Е.Мамановтың жетекшілігімен шәкірті Қ.Шаяхметов «Екі функциялы аффикстер» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады*

- **Пайдаланылған әдебиеттер:**
- ***Байтұрынов А. Қазақ тіл білімінің мәселелері,- Алматы, 2013***
- ***Ысқақов А. Сөздің морфологиялық құрылымы, - Алматы, 1993***
- ***Аханов К. Тіл білімі, - Алматы, 1991***
- ***Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы, - Алматы, 1983***